

ӘОЖ 323.3:2(574+5)

ҚАЗАҚСТАН МЕН ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ЕЛДЕРІНДЕ ДІНИ ЭКСТРЕМИЗМГЕ ҚАРСЫ ШАРАЛАР

Кенесбай Ләззат Буркитбайқызы

1 курс магистранты, «Саясаттану» білім беру бағдарламасы, Саясаттану
және әлеуметтік-философиялық пәндер кафедрасы
Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ., Қазақстан

Ғылыми жетекші: Сапаров Бақытжан Жолдыбайұлы, PhD, аға
оқытушы

Бұл мақалада Қазақстан мен Орталық Азия елдеріндегі діни экстремизмге қарсы мемлекеттік саясаттың құқықтық, идеологиялық және институционалдық аспектілері талданады. Зерттеу барысында аймақтағы экстремизмге қарсы іс-қимылдың нормативтік базасы, стратегиялық құжаттар, ішкі істер органдарының жұмысы және азаматтық қоғам институттарының рөлі қарастырылады. Авторлар Қазақстанда 2005 жылдан бері қабылданып жатқан заңдар мен тәртіптік актілердің діни экстремизмге қарсы күрестегі пәрменділігін бағалайды. Сонымен қатар, діни ағымдармен байланысты радикалдану қаупінің алдын алу бағытындағы тәрбиелік, идеологиялық және құқықтық тетіктер сарапталады. Зерттеу нәтижесінде құқықтық базаның жетілгендігімен қатар, діни сауаттылықты арттыру, жастармен жұмыс, интернеттегі контентті бақылау сынды әлеуметтік шаралардың маңызы артып келе жатқаны анықталды. Мақалада заманауи саясаттану тұрғысынан ұсыныстар беріліп, экстремизмнің алдын алу жолындағы көпвекторлы тәсілдер негізделеді.

Кілт сөздері: діни экстремизм, терроризм, қауіпсіздік, Қазақстан, Орталық Азия, идеология, құқықтық саясат.

Қазақстан тәуелсіздігін жариялаған сәттен бастап ішкі тұрақтылық пен қоғамдық қауіпсіздікті сақтауға ерекше назар аударды. Әсіресе діни экстремизм мен терроризм қаупі жаһандық деңгейде күшейген соң, бұл бағыттағы саясат айқын институционалдық сипат алды. Орталық Азия елдерінде де бұл құбылыс - радикал идеологиялардың жастарды тартуымен, діни манипуляциялармен және шетелдік ықпалдармен ерекшеленеді. Осыған байланысты мемлекет тарапынан құқықтық, идеологиялық, әлеуметтік және психологиялық шаралар жүйесі қалыптасты. Зерттеудің мақсаты - Қазақстан мен Орталық Азия елдеріндегі діни экстремизмге қарсы іс-қимыл шараларын саясаттану

тұрғысынан талдау, қолданыстағы құқықтық актілер мен идеологиялық механизмдердің тиімділігін бағалау және ұсыныстар беру. Міндеттері ретінде: экстремизмнің құқықтық анықтамасын ашу, заңнамалық негізді талдау, құқық қорғау органдарының қызметін сипаттау, діни сауаттылық пен ақпараттық саясаттың маңызын анықтау алынды.

Қазақстанның атеистік тоталитаризмнен постсекулярлық қоғамға өтуі еліміздегі конфессиялық бірегейлік мәселесіндегі қордаланып қалған түйіндерді шешу қажеттілігін күн тәртібіне қойды. Кеңестер Одағы ыдырап, коммунистік идеология дағдарысқа ұшыраған соң және ғасырға жуық уақыт бойы әлемдік үрдістер мен қатынастардың сипатын айқындап келген екі жүйенің қарама-қарсы тұруы жойылғаннан кейін бұрынғы социалистік елдер үшін атеизмнен постсекуляризмге ауысуда өзінің өркениеттік бірегейлігі мен парадигмаларын анықтау қарама-қарсылыққа толы, күрделі жағдайларда жүзеге асты. Батыс христиандарымен тамыры мен тағдыры бір болған Шығыс Еуропа мен Балтық жағалауы мемлекеттері үшін бұл мәселе аса шиеленістілік тудыра қоймаса, Орталық Азия мен Кавказда үлкен қиыншылықтар туғызды және фундаменталистік, экстремистік құбылыстардың орын алуына алып келді. Американ зерттеушісі С. Хантингтонның «Өркениеттер қақтығысы» еңбегі жарық көруі де діни-өркениеттік сұқбаттың өзектілігін арттыра түсті. Өйткені ол аталған мақаласында өркениеттер арасындағы болашақтағы қақтығыстардың болмай қоймайтындығын негіздеуге талпынды. С. Хантингтонның пікірінше, ХХІ ғасырдағы ең басты және қанды қақтығыстар экономикада және идеологияда емес, діндер мен өркениеттер арасында болмақ [1, 71 б.]. Шын мәнінде әлемдегі ең ірі діндерге жататын ислам мен христиан діндері арасындағы қарым-қатынастар адамзаттың болашағын анықтайтыны анық. Қазіргі кезеңде Еуропа мен Америка исламдану процестерін басынан өткеріп жатыр және оның болашағы мамандардың пікірлерінше жаңа қиындықтар мен тәуекелдері алып келері анық. Экстремизм мен терроризм жалпы түрде қоғамда бар нормалар мен ережелерді түбегейлі жоққа шығаратын экстремистік көзқарастар мен әрекеттерді ұстану болып табылады. Қоғамның саяси саласында көрінетін экстремизм саяси экстремизм, ал діни салада көрінетін экстремизм діни экстремизм деп аталады. Діни сананың радикализациясы әлемнің аймақтарына қарамастан қазіргі қоғамда проблемаға айналуда. Қоғамның маргиналданған сегменттерінің арасында радикалданудың әсері жалпы тенденция болып табылады. Радикалды діни ағымдар тудырған әлеуметтік шиеленістер тұрақты бола бастады, оларды тоқтату қиынға соғатын жергілікті және аймақтық қақтығыстарға айналды [2]. Діни экстремизмнің мақсаты - бағдарланбаушылық, ыдырау, бұрыннан қалыптасқан дәстүрлі діни құндылықтар жүйесімен түбегейлі бетпе-бет келу, әрбір жеке адам мен қоғам өмірін бұзатын рухани және физикалық қорқыныш атмосферасын қалыптастыру. Бүгінде терроризм біздің күнделікті өмірімізге ғана емес,

болашағымызға да қауіп төндіруде. Террористік қатердің күшеюіне, сондай-ақ әлем бойынша әртүрлі және 16 жаңа экстремистік қозғалыстардың жандануына байланысты терроризм мен экстремизмге қарсы іс-қимыл тетіктерін ұлттық деңгейде де, сондай-ақ халықаралық деңгейде де жетілдіру қажеттілігі арта түсуде. «Қазақстан Республикасындағы терроризм және экстремизм мәселелерін зерттеу орталығы» қоғамдық қорының президенті К.М. Бишманов: «Терроризм мен экстремизмнің өмір сүруінің, жұмыс істеуінің және дамуының негізгі материалдық негізі террористік және экстремистік қызметті үздіксіз қаржыландыру екені анық. Террористік және экстремистік іс-әрекетті қаржыландырудың мақсаты терроризм мен экстремизмге қарсы әрекет етудің тұрақты, үздіксіз, қалыптасқан, жүйелі және кешенді механизмін қамтамасыз ету болып табылады» [3] деген ойын білдіреді. Зерттеушілердің пікірінше, әлеуметтегі «экстремизм мен терроризмді қаржыландырудың кең тараған әдістеріне мыналар жатады: ақшалай қаражатты тікелей беру, оларды жинау, сондай-ақ мақсаты терроризмді насихаттау болып табылатын қаржылық қызметтерді көрсету». Олардың ішінде: заңды болып көрінетін құрылымдардың (қайырымдылық қорлары, діни ұйымдар, ақпараттық агенттіктер) мазмұны мен қызметі, мемлекеттік құрылымдарға ену (қызметке алу, пара алу); содырларды қаржыландыру (жаттығу жиындарын ұстау, қаружарақпен қамтамасыз ету, жауынгерлік әзірлікте «ұйқы камералары» деп аталатындарды құру және ұстау), террористік актілерді тікелей ұйымдастыру, экстремизм (терроризм) идеологиясын насихаттау [3]. Терроризм мен экстремизм себептерін басынан екі қырынан қарастыруға болады: трансұлттық қылмыстардың себептері – экономикалық, әлеуметтік, саяси және басқа да тәртіптер (билікке таласу, меншікке, нарық өтімінде, әсер ету ортасының шегі, әлеуметтік теңсіздік, ақпараттық қайта өндіру, бақылауға алынбаған ресурс өзгерістері); екінші жағынан, терроризмнің тікелей себептерін (экстремистік саяси, идеологиялық, діни және басқа көзқарастар, бөлек террористік топтық актілердің өршуі, террористік ұйымдардың қалыптасуы т.б.) атап өткен жөн. Зерттеушілер терроризмнің мынадай ерекшеліктерін атап өтеді: 1. әскери еш нәрсе апарылмайды және шығарылмайды – террор тек азаматтық технологиялық ортаны, жүйелі әдістерді және жаудың қару-жарағын қолданады, қарсыластардың жерінде орналасқан жеңіп шығу құралдарын пайдаланады; 2. ешқандай терроршылардың террорлық қадамдары ашық емес, олар қарсыластарының барлық территориясы бойынша жасырын жайғастырылған; 3. ешкім терроршылардың басшыларын байқай алмайды – жауынгерлік әрекеттерді басқаруда иерархиялық жүйелердің орнына өзін-өзі басқару жүйесінің арнаулы торы құрастырылған; 4. терроршыларда белгілі нақты қызмет, атақ, ерекшелейтін белгілері айшықталмаған және олар барынша бүркемелі түрде орын алады; 5. жаңа заман шынайылығын теріске шығару аса байқалмайды, оларды өздерінің мүдделерінде қолдану бар – ашық қоғам,

шексіз әлем, ғылымитехникалық революция кері бейнеде қолданылады. Терроризммен табысты күресу үшін келесідей оның деңгейлерін анықтауға болады: - мегатерроризм – жалпыға ортақ кибер-, био-, психологиялық, әлеуметтік, технологиялық терроризм; - аймақ аралық – трансұлттық терроризм (әлеуметтік, экономикалық, діни, идеологиялық); - ұлттық, ресми түрдегі сипаты байқалады [4]. Терроризм мақсатының аумағы мен мазмұнына байланысты террористік ұйымдар стратегиялық (мысалы, қазіргі биліктің мазмұнын жою мақсатында жағдайлар жасау, елдегі құрылымды шайқалту, терроризмді мемлекет және халық тарапынан мықты саяси күш ретінде таныту, және т.б.) және тактикалық (террористік ұйымдардың идеялары мен мақсаттарын әйгілендіру, ұйымның өзінің мүшелерін біріктіруді қамтамасыз ету, оның әрекетінің ары қарай жалғасуы үшін материалдық қамтамасыз ету, елдің жеке көшбасшыларына, құқық қорғау органдары мен қарулы күштерге немесе ұйымдарына қарсы пікірді қалыптастыру) болады [5]. Қазақстанда діни экстремизмге қарсы күрестің құқықтық негізі 2005 жылғы 18 ақпанда қабылданған «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» Заңмен қаланды. Бұл заң - елдегі қауіпсіздік саясатының маңызды бөлігінің құқықтық тірегі болып саналады. Оның мақсаты - экстремистік әрекеттердің алдын алу, қоғамның бейбіт дамуын қамтамасыз ету және мемлекеттік тұрақтылықты сақтау. Заңда экстремизм ұғымы кең ауқымда қарастырылып, оның діни, саяси, идеологиялық сипаттары нақты көрсетілген. Мысалы, діни экстремизм дегеніміз - дінді саясаттандыру арқылы қоғамда жік туғызу, мемлекеттің зайырлы негіздеріне қарсы әрекеттер жасау, діни фанатизмді насихаттау болып саналады. Аталған заңға сәйкес, егер қандай да бір ұйым немесе топ өз әрекеттерінде діни алауыздықты қоздыру, өзге діни сенім өкілдеріне жек көрушілік тудыру сынды әрекеттер жасайтын болса, бұл автоматты түрде экстремистік деп танылады. Заң бойынша мұндай ұйымдарға тыйым салынып, олардың қызметі сот арқылы тоқтатылады. Мәселен, бұған дейін Қазақстанда «Таблиғи жамағат» сияқты халықаралық радикалды ұйымдар экстремистік деп танылып, олардың қызметіне ресми түрде шектеу қойылды. Бұл шешім — дәл осы заң негізінде жүзеге асқан. Сонымен қатар, заң тек жазалау емес, алдын алу шараларын да қамтиды. Жергілікті әкімдіктер мен құқық қорғау органдарына, білім беру мекемелеріне, БАҚ құралдарына діни экстремизмнің алдын алуға бағытталған үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу тапсырылған. Бұл шаралар жастар арасында діни сауаттылықты арттырып, радикалды ағымдардың ықпалына түсудің алдын алуға бағытталған. Осылайша, «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» Заң — Қазақстанда діни тұрақтылықты сақтаудың құқықтық іргетасы ретінде қызмет атқарып отыр [6,76].

Zakon.kz сайтында жарияланған сараптамалық мақалада келтірілген: «Қазақстан экстремизм мен терроризмге қарсы халықаралық деңгейде өз ұстанымын нақты айқындады. Бұл елдің бейбітшілік пен қауіпсіздікке

бағытталған саясатының көрсеткіші» деген тұжырым [7,76] Қазақстанның тек ішкі ғана емес, сыртқы саясатының да деструктивті идеологияларға қарсы бағытталғанын айғақтайды. Бұл мәлімдеме халықаралық аренада еліміздің беделін нығайтып қана қоймай, ұлттық қауіпсіздік стратегиясы мен дипломатиялық қатынастардың тығыз байланыста екенін дәлелдейді. Қазақстан БҰҰ, ЕҚЫҰ, ШЫҰ сияқты халықаралық ұйымдар аясында діни экстремизм мен терроризмге қарсы бастамаларды қолдап келеді. Мысалы, Қазақстан Президентінің БҰҰ мінберінен сөйлеген сөздерінде діни төзімділік пен бейбіт қатар өмір сүру идеяларын насихаттауы – еліміздің осы саладағы ұстанымын нақтылайды. Сонымен қатар, еліміз бірнеше рет Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезін өткізу арқылы жаһандық деңгейде дінаралық келісім мен радикализмге қарсы тұру мәселесін күн тәртібіне шығарып келеді. Бұл съездерде әртүрлі дін өкілдерінің бейбітшілік туралы ортақ мәлімдемелер қабылдауы халықаралық қауымдастық тарапынан жоғары бағаланды. Осылайша, Қазақстан тек ішкі құқықтық тетіктермен шектелмей, сыртқы саясатында да бейбіт және қауіпсіздікке бағытталған идеологиялық векторды ұстанады. Бұл ұстаным ұлттық қауіпсіздік стратегиясының ажырамас бөлігі ретінде қарастырылады. Экстремизммен күрестегі мұндай көпқырлы тәсіл еліміздің халықаралық имиджін қалыптастыруда және шетелдік әріптестермен қауіпсіздік саласында ынтымақтастық орнатуда маңызды рөл атқарады. Демек, Zakon.kz сайтындағы бұл көзқарас тек ақпараттық мәлімдеме емес, Қазақстанның сыртқы саяси ұстанымының салмақты сипаттамасы болып табылады [7,76].

Аюпова З.К., Сералиева А.М., Сапаров Б.Ж. «Қазақстанда терроризм мен діни экстремизмге қарсы күрес — тек құқықтық міндет емес, ол ұлттық қауіпсіздік жүйесінің тірегі» деп есептейді [8,76]. Бұл тұжырым Қазақстанның экстремизмге қарсы саясатына тек заңнамалық немесе формалды әрекет ретінде емес, стратегиялық ұлттық мүдденің негізгі құрамдас бөлігі ретінде қарау қажеттігін көрсетеді. Авторлар өз зерттеулерінде құқықтық тетіктердің тиімділігін жан-жақты талдай отырып, бұл күрестің нақты институционалдық деңгейде жүзеге асырылуы тиіс екенін баса айтады. Олардың пікірінше, экстремизмге қарсы шаралар жай ғана заң қабылдаумен шектелмеуі керек, оларды орындаудың нақты механизмі болуы тиіс. Мысалы, терроризмге күдік келтірілген адамдарды анықтау, оларды бақылауда ұстау, алдын алу үшін профилактикалық әңгімелер жүргізу сияқты әкімшілік шаралардың тиімділігі тек ішкі істер органдарының өзара үйлесімді жұмысы арқылы жүзеге асады. Бұл жерде ҰҚК, ІІМ, прокуратура, жергілікті әкімдіктер арасында нақты байланыс пен дер кезінде ақпарат алмасу — басты талап. Сондай-ақ авторлар әлеуметтік-психологиялық әдістердің де рөлі зор екенін атап өтеді. Атап айтқанда, қоғамда діни фанатизмге қарсы иммунитет қалыптастыру, жастардың зайырлы және құқықтық сана-сезімін дамыту, діни толеранттылықты

насихаттау — бұлар да экстремизмге қарсы саясаттың маңызды құрамдас бөліктері. Авторлардың пайымдауынша, мұндай кешенді тәсілдер арқылы ғана радикалды идеологиялардың таралуына шынайы тосқауыл қоюға болады. Осылайша, Аюпова мен әріптестері бұл салада тек құқықтық емес, саяси, идеологиялық және әлеуметтік ресурстарды қатар жұмылдырудың маңыздылығын негіздейді. Мұндай көзқарас қазіргі заманғы қауіп-қатерлерге лайықты жауап беру үшін ұлттық қауіпсіздік жүйесінің барлық салаларын біріктіру қажеттігін көрсетеді [8,76].

Сонымен қатар Қазақстанда идеологиялық бағыттағы тәрбие жұмыстары діни экстремизмге қарсы күресте шешуші рөл атқарады. Бұл бағыт мемлекеттік қауіпсіздік саясатының тек құқықтық ғана емес, моральдық-психологиялық және мәдени қырларын да қамтиды. Осы мақсатта 2022 жылғы 30 қарашада Ішкі істер министрінің бұйрығымен бекітілген №921 тәртіптік акт қабылданды. Бұл құжат құқық қорғау органдарының жеке құрамымен жұмыс жүргізудің жаңа, кешенді моделін ұсынды. Онда психологиялық қолдау көрсету, кәсіби мотивацияны арттыру, идеологиялық тұрақтылық қалыптастыру және тұлғалық даму міндеттері нақты айқындалған [9,76]. Аталған тәртіптік акт – тек ішкі тәртіп пен тәрбие жұмысының регламенті ғана емес, ол Қазақстанда деструктивті идеологиялардың алдын алуға бағытталған мемлекеттік саясаттың маңызды құралына айналды. Мысалы, құқық қорғау органдарының қызметкерлері арасында экстремизм мен радикализм белгілерін ерте анықтау үшін жүйелі түрде семинарлар, тренингтер, психологиялық диагностика жүргізу қарастырылған. Бұл шаралар қызметкерлердің кәсіби тұрақтылығын арттырып қана қоймай, олардың халықпен жұмыс жүргізудегі сенімділігі мен идеологиялық сауаттылығын да көтеруге бағытталған. Сонымен бірге құжатта ішкі істер қызметкерлеріне арналған ақпараттық-түсіндіру материалдарын дайындау, діни және ұлттық төзімділікті насихаттайтын бейнероликтер мен брошюралар тарату да қарастырылған. Бұл шаралар экстремизмнің алдын алуда ішкі істер органдарының қызметін идеологиялық тұрғыдан нығайтудың бір жолы болып табылады. Мұндай әдістер тек формалды тәрбие емес, олар қызметкерлердің ішкі мотивациясын арттырып, экстремизм мен терроризмге қарсы нақты ұстанымдарын қалыптастыруға көмектеседі. Осылайша, №921 бұйрық – құқық қорғау құрылымдарының рухани-идеологиялық иммунитетін нығайтуға арналған стратегиялық құжат ретінде бағаланады [9,76].

Зерттеу барысында Қазақстан тәжірибесімен қатар Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан секілді Орталық Азия елдерінде де ұқсас бағыттағы мемлекеттік бағдарламалар қабылданғаны анықталды. Мысалы, Өзбекстанда діни радикализмге қарсы тәрбиелік жұмыс «Маърифат» қоғамы арқылы жүргізілсе, Қырғызстанда имамдардың кәсіби біліктілігі мен діни білім беру стандарттары қатаңдатылған.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, діни экстремизмге қарсы күресте тек құқықтық шаралар жеткіліксіз. Халықтың діни сауаттылығы, интернеттегі радикалды контентке қарсы ақпараттық саясат, жастармен жеке жұмыс, мектеп және ЖОО деңгейінде зайырлылықты насихаттау маңызды. Сонымен бірге әлеуметтік желілердегі дінге қатысты шектеулер мен модерация жүйесі де жетілдіруді қажет етеді. Радикал идеологиялардың таралуына тосқауыл қою үшін көпвекторлы әрекет қажет.

Мұндай саясаттың негізгі элементтері – зайырлылық принципі, құқықтық тәртіпті сақтау, ақпараттық ашықтық, азаматтық қоғам институттарын тарту. Осы факторлардың үйлесімділігі діни экстремизмнің алдын алуда шешуші рөл атқарады. Мемлекет пен қоғамның серіктестік қағидатында әрекет етуі – тұрақты нәтижеге қол жеткізудің кепілі.

Зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, діни экстремизмге қарсы саясатты жетілдіру мақсатында бірнеше нақты және жүйелі ұсыныстарды алға тартуға болады. Бұл ұсыныстар Қазақстандағы және Орталық Азиядағы қазіргі қауіпсіздік ахуалына, жастар ортасындағы діни радикалдану қатеріне, сондай-ақ халықаралық тәжірибеге сүйенеді.

Біріншіден, құқық қорғау органдарының қызметкерлерін діни экстремизмнің заманауи формаларына бейімделуге үйрету — аса өзекті міндет. Қазіргі радикалдық ұйымдар тек дәстүрлі уағыздар арқылы ғана емес, интернет, әлеуметтік желі, мессенджерлер және аноним платформалар арқылы әсер етеді. Сондықтан полиция, прокуратура, ҰҚК сияқты құрылымдардың мамандары тек заңдық база мен физикалық қауіпсіздікпен шектелмей, киберқауіпсіздік, ақпараттық соғыс, діни терминология, психологиялық тәсілдер сынды салаларда да кәсіби дайындықтан өтуі тиіс. Бұл үшін кәсіби қайта даярлау курстары, заманауи тренингтер, шетелдік тәжірибе негізінде әзірленген оқыту модульдері қажет.

Екіншіден, зайырлылық пен діни сауаттылық мәселесін орта білім беру жүйесінде жүйелі түрде көтеру ұсынылады. Қазіргі жас ұрпақтың діни ақпаратқа қолжетімділігі артқанымен, оның мазмұны мен сапасын түсіну қабілеті әрдайым жоғары емес. Осыған байланысты 8–11 сыныптарда «Зайырлы мемлекет және дін» атты элективті курс енгізу орынды. Бұл курс аясында оқушыларға Қазақстан Конституциясындағы зайырлылық ұстанымдары, түрлі діндерге құрметпен қарау, дін мен мемлекеттің ара-жігі, радикал идеялардың белгілері мен салдары туралы түсінік берілуі тиіс.

Үшіншіден, жастармен жұмыс істейтін қоғамдық ұйымдарды, әсіресе волонтерлік бастамаларды қолдау маңызды. Мұндай ұйымдар – экстремизмге қарсы бейресми, бірақ ықпалды күш. Олар жастарға қолжетімді тілде түсіндіру, тренингтер, көшпелі семинарлар, әлеуметтік жобалар арқылы әсер ете алады. Волонтерлер — құрдастармен тең дәрежеде сөйлесе алатын, сенім тудыратын

тұлғалар, сондықтан мемлекет тарапынан қаржылай және әдістемелік қолдау көрсету маңызды.

Төртіншіден, экстремизмге қарсы халықаралық серіктестікті нығайту қажет. Қазақстан аймақтық қауіпсіздік жүйесінде маңызды рөл атқара отырып, өзге елдермен ақпарат алмасу, бірлескен мониторинг, шекаралық бақылауды үйлестіру, трансшекаралық діни ағымдарды бақылау саласында тәжірибе жинақтауы тиіс. Бұл бағытта БҰҰ, ШЫҰ, ЕҚЫҰ аясындағы ынтымақтастықты кеңейту, бірлескен оқу-жаттығулар мен ғылыми форумдар өткізу – болашақ қауіпсіздіктің кепілі болмақ.

Қорыта айтқанда, Қазақстан мен Орталық Азия елдері діни экстремизмге қарсы күресте соңғы онжылдықтарда бірқатар маңызды нәтижелерге қол жеткізді. Заңнамалық негіздер қалыптасып, мемлекеттік деңгейде айқын саясат жүргізіле бастады, құқық қорғау органдары мен арнайы қызметтердің үйлесімді жұмысы жүйеленді, азаматтық қоғам өкілдері мен білім беру мекемелері де бұл іске белсене араласа бастады. Қазақстанның өзінде экстремизмге қарсы күреске бағытталған арнайы заңдар қабылданып, халықаралық стандарттарға сәйкес келетін іс-қимыл жоспарлары әзірленді. Сонымен бірге, жастар арасында радикалды идеяларға қарсы тұра алатын зайырлы дүниетанымды, толерантты көзқарасты қалыптастыру бағытында кешенді идеологиялық жұмыстар жүргізіліп келеді. Дегенмен қазіргі таңда діни экстремизм жаһандық сипат алып, интернет, әлеуметтік желілер, мессенджерлер арқылы радикал идеялардың таралуы жаңа сын-көтерлер туындатуда. Бұл әсіресе жасөспірімдер мен діни білім деңгейі төмен азаматтар үшін ерекше қауіп төндіреді. Мұндай жағдайда тек құқықтық тетіктермен шектелу жеткіліксіз. Радикалдануға апаратын әлеуметтік-экономикалық себептерді де жою қажет. Мысалы, жұмыссыздық, әлеуметтік әділетсіздік, маргиналдану секілді факторлар да адамды экстремистік топтарға тартуға ықпал етеді. Сондықтан болашақта діни экстремизмге қарсы күресте заңнамалық, құқық қорғаушылық және идеологиялық шаралардың үйлесімділігі басты назарда болуы керек. Бұл бағытта Қазақстанның ұлттық қауіпсіздік стратегиясы мен сыртқы саясаттағы ұстанымдары өзара тығыз байланыста жүзеге асуы тиіс. Тек осындай көпвекторлы, жүйелі тәсіл арқылы ғана мемлекет тұрақтылығын сақтап, радикализмге жол бермеуге болады. Осы тұрғыдан алғанда, діни экстремизмге қарсы іс-қимыл – бір реттік емес, үздіксіз, ғылыми негізделген және қоғамның барлық саласын қамтитын стратегиялық үдеріс болуы шарт.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Хантингтон.С. Столкновение цивилизаций. – М.: ООО Издательство АСТ, 2003. – 603 с.
2. Қазақстан Республикасында діни ахуалды дамытудың өзекті мәселелері. – Алматы, ФСДИ, 2013. – 135 б.

3. Бишманов К.М., Муратжан З., Акимжанов Т.К. Уголовно-правовые аспекты финансирования террористической и экстремистской деятельности в Республике Казахстан. Ученые труды Алматинской академии МВД РК имени М. Есбулатова. – Алматы, Республика Казахстан. – №2 (75) 2023. – С. 133 – 141.

4. Marsella A.J. Reflectionson international terrorism: issues, concepts, anddirections // Under standing terrorism: Psychological roots, consequen cesandin teventions / F. Moghaddamand A. Marsella. – Washington, DC: American Psychological Association, 2004. – P. 11-47.

5. Бишманов К.М., Асан А.Б. Религиозная толерантность в Казахстане // Сборник материалов Международной научно-практической конференции: Добродетельное общество в наследии аль-Фараби. – Алматы, 2023 года. – С. 93- 100.

6. Закон Республики Казахстан от 18 февраля 2005 г. № 31 «О противодействии экстремизму» // Сайт «Kodeksy-kz.com». – [Электронный ресурс]. – Режим доступа: https://kodeksy-kz.com/ka/o_protivodejstvii_ekstremizmu.htm

7. Эксперт: Казахстан решительно осуждает международный терроризм и экстремизм. 14 июня 2024 // Сайт «Zakon.kz». – [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://www.zakon.kz/stati/6438141-ekspert-kazakhstan-reshitelno-osuzhdaet-mezhdunarodnyy-terrorizm-i-religioznyy-ekstremizm.html>

8. Аюпова З.К., Сералиева А.М., Сапаров Б.Ж. Правовая политика Республики Казахстан в противодействии терроризму и религиозному экстремизму // Всероссийский криминологический журнал. – 2021. – Т. 15. № 4. – С. 476–483.

9. Приказ и.о. Министра внутренних дел Республики Казахстан от 30 ноября 2022 г. № 921 «Об утверждении Правил организации воспитательной, психологической и идеологической работы с личным составом органов внутренних дел» // Сайт «Adilet». – [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200030844>

МЕРЫ ПРОТИВОДЕЙСТВИЯ РЕЛИГИОЗНОМУ ЭКСТРЕМИЗМУ В КАЗАХСТАНЕ И ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ

В статье рассматриваются правовые и идеологические аспекты государственной политики Казахстана и стран Центральной Азии в противодействии религиозному экстремизму. Анализируются нормативные акты, деятельность органов внутренних дел, а также значение профилактической работы в обществе.

Ключевые слова: религиозный экстремизм, терроризм, безопасность, Казахстан, Центральная Азия, идеология, правовая политика.

MEASURES AGAINST RELIGIOUS EXTREMISM IN KAZAKHSTAN AND CENTRAL ASIA

This article analyzes the legal, ideological, and institutional aspects of state policies against religious extremism in Kazakhstan and Central Asian countries. It evaluates legislative measures, strategic documents, and the role of law enforcement and civil society institutions. The study emphasizes the importance of social and ideological prevention alongside legal enforcement.

Keywords: religious extremism, terrorism, security, Kazakhstan, Central Asia, ideology, legal policy.

REFERENCES

1. Huntington, S. The Clash of Civilizations. Moscow: AST Publishing, 2003. – 603 p.
2. Topical Issues in the Development of the Religious Situation in the Republic of Kazakhstan. – Almaty: FSDI, 2013. – 135 p.
3. Bishmanov, K.M., Muratzhan, Z., Akimzhanov, T.K. Criminal-Legal Aspects of Financing Terrorist and Extremist Activities in the Republic of Kazakhstan. Scientific Works of the Almaty Academy of the Ministry of Internal Affairs of the Republic of Kazakhstan named after M. Yesbulatov. – Almaty, Republic of Kazakhstan. – No. 2 (75), 2023. – pp. 133–141.
4. Marsella, A.J. Reflections on International Terrorism: Issues, Concepts, and Directions. In: Understanding Terrorism: Psychological Roots, Consequences and Interventions / Ed. by F. Moghaddam & A. Marsella. – Washington, DC: American Psychological Association, 2004. – pp. 11–47.
5. Bishmanov, K.M., Asan, A.B. Religious Tolerance in Kazakhstan. In: Proceedings of the International Scientific-Practical Conference “A Virtuous Society in the Legacy of al-Farabi”. – Almaty, 2023. – pp. 93–100.
6. Law of the Republic of Kazakhstan dated February 18, 2005 No. 31 “On Counteracting Extremism” // Kodeksy-kz.com. – [Electronic resource]. – Access mode: https://kodeksy-kz.com/ka/o_protivodejstvii_ekstremizmu.htm
7. Expert: Kazakhstan Strongly Condemns International Terrorism and Extremism. June 14, 2024 // Zakon.kz. – [Electronic resource]. – Access mode: <https://www.zakon.kz/stati/6438141-ekspert-kazakhstan-reshitelno-osuzhdaet-mezhdunarodnyy-terrorizm-i-religioznyy-ekstremizm.html>
8. Ayupova, Z.K., Seraliyeva, A.M., Saparov, B.Zh. Legal Policy of the Republic of Kazakhstan in Combating Terrorism and Religious Extremism. – Russian Journal of Criminology, 2021, Vol. 15, No. 4. – pp. 476–483.
9. Order of the Acting Minister of Internal Affairs of the Republic of Kazakhstan dated November 30, 2022 No. 921 “On Approval of the Rules for Organizing Educational, Psychological, and Ideological Work with the Personnel of Internal Affairs Bodies” // Adilet. – [Electronic resource]. – Access mode: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200030844>